

Банк конгломератына арналған нормативтік мәндерін және пруденциалдық нормативтер мен өзге де міндетті лимиттерді есептеу әдістемелерін, сондай-ақ есептілікті ұсыну нысандары мен мерзімдерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 92 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 28 сәуірде № 7601 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 309 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.12.2016 № 309 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Банк конгломератына арналған нормативтік мәндері және пруденциалдық нормативтер мен өзге де міндетті лимиттерді есептеу әдістемелері, сондай-ақ есептілікті ұсыну нысандары мен мерзімдері белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Банк конгломераттарына арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу әдістемелері мен нормативтік мәнін, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есеп берудің нысандары мен мерзімін белгілеу туралы" 2006 жылғы 25 ақпандағы № 44 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2006 жылы 28 наурызда № 4148 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк

Төрағасы

Г. Марченко

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі

Төраға _____ Ә.А. Смайылов

2012 жылғы 28 наурыз

Банк конгломератына арналған нормативтік мәндері және пруденциалдық нормативтер мен өзге де міндетті лимиттерді есептеу әдістемелері, сондай-ақ есептілікті ұсыну нысандары мен мерзімдері

Осы Банк конгломератына арналған нормативтік мәндері және пруденциалдық нормативтер мен өзге міндетті лимиттерді есептеу әдістемелері, сондай-ақ есептілікті ұсыну нысандары мен мерзімдері (бұдан әрі - Нормативтік мәндер) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес әзірленді және банк конгломератына арналған нормативтік мәндерін және пруденциалдық нормативтер мен өзге міндетті лимиттерді есептеу әдістемелерін, сондай-ақ есептілікті берудің нысандары мен мерзімдерін белгілейді.

1. Банк конгломератына сақтауға міндетті пруденциалдық нормативтердің құрамына мынадай пруденциалдық нормативтер кіреді:

- жарғылық капиталының ең аз мөлшері;
- меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенті;
- бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшері.

2. Банк конгломераттарына арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу мақсатында Нормативтік мәндерінде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) банк конгломератының қатысушылары - банк холдингінен, банктен, сондай-ақ банк холдингінің еншілес ұйымдарынан және (немесе) банктің еншілес ұйымдарынан және (немесе) капиталына банк холдингі және (немесе) оның еншілес ұйымдары қомақты қатысатын ұйымдардан тұратын заңды тұлғалар тобы;

2) тәуекелдер - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3924 тіркелген) Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – № 358 Нұсқаулық) сәйкес есептелген банк конгломераты қатысушыларының активтері, шартты және ықтимал міндеттемелері;

3) банк конгломератының бір қарыз алушысы - банк конгломераты қатысушысының тәуекелдері бар немесе болуы мүмкін, олар бойынша үшінші

тұлғаның пайдасына борышкер үшін өзіне міндеттеме алған банк конгломератының қатысушылары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде немесе жасалған шарттарында көзделген негіздемелер бойынша жеке немесе заңды тұлға;

4) тұлғалар тобы - бір біріне әсер ететін белгіленген қатынастар күшінде заңды және жеке тұлғалар тобы;

5) уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Банк конгломераттарына арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу мақсатында:

уәкілетті орган Standard & Poor's агенттігінің рейтингтік бағаларынан өзге Moody's Investors Service и Fitch агенттіктерінің рейтингтік бағаларын да мойындайды;

банк конгломератының қатысушысы тұрған елінің уәкілетті органы пруденциалдық реттеу мақсатында пайдаланатын қаржылық және (немесе) реттеушілік есептілігінің стандарттарына сәйкес жасалған банк конгломераты қатысушыларының шоғырландырылмаған қаржылық есептілігі пайдаланылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 211 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

3-тармақтың бірінші бөлігі 01.07.2015 дейін қолданылады.

3. Банк холдингі немесе банк холдингі жоқ, бірақ еншілес ұйымы бар банк тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың бірінен кешіктірмей осы Нормативтік мәндердің 3-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, Нормативтік мәндердің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға банк конгломераты қатысушыларының қаржылық есептілігін қоса бере отырып, банк конгломератының пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есепті қағаз тасымалдауышта және (немесе) электрондық форматта ұсынады.

Бұл ретте банк конгломераты қатысушыларының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8571 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қаржы ұйымдарының, арнайы қаржы компанияларының, исламдық арнайы қаржы компанияларының, микроқаржы ұйымдарының, "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының және инвестициялық қорлардың қаржылық есептілігінің нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" 2013 жылғы 27 мамырдағы № 130 қаулысына сәйкес уәкілетті органға бұрын ұсынған қаржылық есептілігі қоса берілмейді.

Банк конгломератына арналған пруденциалдық нормативтердің орындалуы туралы есепке:

Нормативтік мәндердің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тәуекелдің дәрежесі бойынша мөлшерлеген банк конгломераты қатысушыларының активтері, шартты және ықтимал міндеттері бойынша мәліметтер;

Нормативтік мәндердің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша басқа заңды тұлғалардың капиталына банк конгломераты қатысушыларының инвестициялары бойынша мәліметтер;

Нормативтік мәндердің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банк конгломераты қатысушыларының бағалы қағаздары портфелінің құрылымы бойынша мәліметтер;

Нормативтік мәндердің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банк конгломераты қатысушыларының топ ішілік мәмілелер бойынша мәліметтер;

Нормативтік мәндердің 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша банк конгломератының меншікті капиталының он және одан да көп пайызы болатын үшінші тұлғалар (тұлғалар тобы) алдындағы банк конгломератының барлық міндеттемелері бойынша мәліметтер;

оның тұрған еліндегі қызметін реттейтін тиісті мемлекеттің уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген Қазақстан Республикасының резиденті емес банк конгломераты қатысушыларының нормативтік мәндері, пруденциалдық нормативтерді есептеу әдістемесі туралы мәліметтер;

банк конгломератының өткен жылдың төртінші тоқсанында пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есеп уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірілмей ұсынылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.12.2012 № 383 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 211 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) қаулыларымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

3-1-тармақ 01.07.2015 дейін қолданылады.

3-1. Банк конгломератының пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есебін уәкілетті органға банк конгломераты қатысушыларының қаржылық есептілігімен қоса Нормативтік мәндердің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз тасымалдауышта және (немесе) электрондық форматта тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі төртінші айдың бірінен кешіктірмей банк конгломератының мынадай қатысушылары ұсынады:

еншілес ұйымдары бар банк болып табылатын тікелей немесе жанама тәуелді ұйымы және (немесе) еншілес ұйымы бар банк холдингі, оның ішінде еншілес ұйымдары бар банк;

банк холдингі болып табылатын және еншілес ұйымдары бар банк, оның ішінде еншілес ұйымдары бар банк.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 211 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 01.07.2015 дейін қолданылады) қаулысымен.

4. Банк конгломератының жарғылық капиталының мөлшері төленген акциялар шегінде (қатысу үлесі) алынған, сатып алынған меншікті акцияны (алынған капиталды) шегергендегі банк холдингі немесе банк холдингі жоқ, бірақ еншілес ұйымы бар банктің жарғылық капиталының мөлшерін білдіреді.

5. Банк конгломератының жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері бір жүз миллион теңгеден кем болмауы тиіс.

6. Банк конгломератының меншікті капиталы банк конгломераты қатысушыларының меншікті капиталының нақты мөлшерінің сомасын білдіреді.

Банк конгломератының меншікті капиталын есептеу мақсатында банк конгломераты қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшерінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына салынған инвестициялар, заңды тұлғалардың реттелген борышы, сондай-ақ заңды тұлғалардың меншікті капиталының өзге де салымдары алынып тасталады.

Банк конгломераты қатысушысының төлем қабілеттілігіне (меншікті капиталдың жеткіліктілігіне) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес банк конгломераты қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшерінен алып тасталған инвестиция сомасы осы тармақта көрсетілген инвестицияларға енгізілмейді.

7. Банк конгломераты қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшері банк конгломераты қатысушысының төлем қабілеттілігіне (меншікті капиталының жеткіліктілігіне) Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес қалыптастырылған шаманы білдіреді.

Банк конгломераты қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшерін есептеу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Егер банк конгломератының қатысушысына қатысты осы тармақта көрсетілген меншікті капиталының нақты мөлшерін есептеу тәртібі белгіленбесе, онда меншікті капиталының нақты мөлшері қаржылық есептілік негізінде қатысушысының активтері мен міндеттемелері арасындағы айырма ретінде айқындалады.

8. Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын банк конгломераты қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшері тұрған еліндегі оның қызметін реттейтін тиісті мемлекеттің уәкілетті органының нормативтік құқықтық актілерімен айқындалады.

Егер Қазақстан Республикасының резиденті емес болып табылатын банк конгломератының қатысушысына қатысты оның тұрған еліндегі оның қызметін реттейтін тиісті мемлекеттің уәкілетті органы меншікті капиталының нақты мөлшерін есептеу тәртібі белгіленбесе, онда меншікті капиталының нақты мөлшері осы Нормативтік мәндерінің 7-тармағына сәйкес айқындалады.

9. Банк конгломератының меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$K = MK/A$, мұнда:

K - меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенті;

MK - банк конгломератының меншікті капиталы;

A - тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк конгломераты қатысушыларының активтері, шартты және ықтимал міндеттемелерінің сомасы.

Банк конгломераты қатысушыларының активтері, шартты және ықтимал міндеттемелері (банк үшін - тәуекел дәрежесі бойынша) кредиттік тәуекелінің дәрежесі бойынша № 358 Нұсқаулыққа сәйкес мөлшерленеді.

Қазақстан Республикасының резиденті емес банк конгломераты қатысушысының активтерін, шартты және ықтимал міндеттемелерін мөлшерлеу кезінде банк конгломератының қатысушысы тұрған елде орналасқан тұлғаларға талаптар резидент тұлғаларға қойылатын талаптар ретінде салымдар тәуекелінің дәрежесі бойынша мөлшерленеді.

Тәуекел дәрежесі бойынша активтерді, шартты және ықтимал міндеттемелерді мөлшерлеу мақсаттары үшін активтерді, шартты және ықтимал міндеттемелер олар бойынша арнайы резервтер (провизиялар) құрылған сомасына азайтылады.

Тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленетін банк конгломераты қатысушыларының активтері, шартты және ықтимал міндеттемелер сомаларын есептеуге банк конгломераты қатысушыларының бір-біріне қоятын талаптары енгізілмейді.

10. Банк конгломератының меншікті капиталының жеткіліктілігі коэффициенті мынадай мөлшерлерде белгіленеді:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап кемінде 0,075 (қоса алғанда);

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап кемінде 0,08 (қоса алғанда);

2017 жылғы 1 қаңтардан бастап кемінде 0,09 (қоса алғанда);

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап кемінде 0,10 (қоса алғанда);

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап кемінде 0,12 (қоса алғанда).

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.07.2015 № 140 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Банк конгломератының бір қарыз алушысына тәуекелдің ең жоғары мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$ЖМ = Т/МК$ мұнда:

ЖМ - банк конгломератының бір қарыз алушысына тәуекелдің ең жоғары мөлшері;

Т - банк конгломератының бір қарыз алушысына тәуекел мөлшері;

МК - банк конгломератының меншікті капиталы.

12. Бір қарыз алушыға тәуекел мөлшері № 358 Нұсқаулықтың белгіленген талаптарына ұқсас есептеледі.

Бір қарыз алушыға тәуекел мөлшеріне банк конгломераты қатысушыларының бір-біріне қоятын талаптары енгізілмейді.

13. Бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшері мынадан:

1) басқа да қарыз алушылар үшін банк конгломератының меншікті капиталының 25 (жиырма бес) пайызынан (оның ішінде Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен бір тармаққа төмен емес Standard&Poor's агенттігінің рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резиденттерге және Standard&Poor's агенттігінің "А"-дан төмен емес рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент еместерге қойылатын талаптарды қоспағанда, бланктік қарыздар, банк конгломератында ағымдағы және содан кейінгі екі ай ішінде қарыз алушыға талаптары туындауы мүмкін болатын үшінші тұлғалардың пайдасына қарыз алушы алдындағы не қарыз алушы үшін қамтамасыз етілмеген шартты міндеттемелер бойынша, сондай-ақ оффшорлық аймақтарда тіркелген немесе олардың азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместерінің міндеттемелері бойынша банк конгломератының меншікті капиталының 0,10-нан артық емес);

2) банк конгломераты қатысушысының лауазымды тұлғасы немесе басшы қызметкері, сондай-ақ олардың жақын туысқандары;

банк конгломераты қатысушысының ірі қатысушысы, сондай-ақ ірі қатысушы - жеке тұлғаның жақын туысқаны немесе ірі қатысушы - заңды тұлғаның бірінші басшысының жақын туысқаны;

осы тармақтың үшінші және төртінші абзацтарында көрсетілген тұлғалар тікелей немесе жанама (заңды тұлғалардың жарғылық капиталға қатысу арқылы) бақылайтын заңды тұлға не онда дауыс беруші акциялардың (қатысу үлесінің) жиырма бес және одан астам пайызына ие көрсетілген тұлғалар;

банк конгломератына қатысушылар тікелей немесе жанама (заңды тұлғалардың жарғылық капиталға қатысу арқылы) бақылайтын заңды тұлға не банк конгломератының қатысушысы дауыс беруші акциялардың (қатысу үлесінің) жиырма бес және одан астам пайызына ие тұлға, осы тұлғаның

лауазымды тұлғалары, олардың жақын туысқандары болып табылатын тұлғалар бойынша банк конгломератының меншікті капиталының 10 (он) пайызынан аспайды.

Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 211 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

14. Әрқайсысының мөлшері банк конгломератының меншікті капиталының он пайызынан асатын бір қарыз алушыға банк конгломераты қатысушыларының тәуекелдер сомасы банк конгломератының меншікті капиталының мөлшерінен сегіз еседен астам аспауы тиіс.

15. Егер осының алдындағы есепті күнде қарыз алушыға банк конгломератының қатысушылары талаптарының жалпы көлемі Нормативтік мәндерінде белгіленген шектеулер шегінде болып, бірақ банк конгломератының меншікті капиталының деңгейі осының алдындағы есепті күннен басталған кезең ішінде бес пайызға төмендеуіне байланысты не қарыз алушыға қойылатын талаптар көрсетілген, теңгенің шетел валютасына қатысты орташа алынған биржалық бағамының өсуінен қарыз алушыға банк конгломераты талаптарының осының алдындағы есепті күннен басталған кезең ішінде он пайыз артуына байланысты соңынан көрсетілген шектеулердің, бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің нормативі орындалған болып саналады.

Көрсетілген жағдайларда банк холдингі немесе банк холдингі жоқ, бірақ еншілес ұйымы бар банк жоғарыда көрсетілген шектеулерден асып кету туындағанда күннен кейінгі күн ішінде уәкілетті органды шектеулерден асып кету фактісі туралы хабардар етеді және келесі есепті күнге дейінгі кезең ішінде шектен асып кетуді жою жөнінде міндеттемелер қабылдайды. Егер осы шектен асып кету көрсетілген мерзімде жойылмаса, бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшерінің нормативінен асып кету көрсетілген шектен асып кету анықталған күннен бастап осы нормативтің бұзылуы ретінде қаралады.

Банк конгломератына арналған
нормативтік
мәндеріне және пруденциалдық
нормативтер
мен өзге де міндетті лимиттерді есептеу
әдістемелеріне, сондай-ақ есептілікті
ұсыну
нысандары мен мерзімдеріне
1-қосымша

Нысан

Банк конгломератының пруденциалдық нормативтерді орындауы туралы есеп

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.10.2014 № 211 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

(банк холдингінің не банк холдингі жоқ, бірақ еншілес ұйымы бар банктің атауы)
 (қажеттісінің астын сызу қажет)
 20__ж._____ жағдай бойынша
 1-кесте

Банк конгломератының жарғылық капиталын есептеу

Атауы	С о м а (м ы ң теңгемен)
Банк конгломератының жарғылық капиталы, оның ішінде:	
банк холдингінің не банк холдингі жоқ, бірақ еншілес ұйымы бар банктің жарғылық (төленген) капиталы	
банк холдингінің не банк холдингі жоқ, бірақ еншілес ұйымы бар банктің сатып алынған акциялары (алынған капиталы)	

2-кесте

Банк конгломераты меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициентінің есебі

Банк конгломераты меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенті

№	Банк конгломераты қатысушысының атауы	С о м а (м ы ң теңгемен)
1	банк конгломератының 1 қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшері	
1.1	Банк конгломераты қатысушысының капиталға инвестициялары:	
1.1.1	банк конгломератының 2 қатысушысының	
1.1.n	банк конгломератының n қатысушысының	
1.2	Банк конгломераты қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшері (инвестицияларды шегергенде)	
n	Банк конгломераты n қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшері	
n.1	Банк конгломераты қатысушысының капиталға инвестициялары:	
n.1.1	банк конгломератының n қатысушысының	
n.1.n	банк конгломератының n қатысушысының	

p.2	Банк конгломераты қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшері (инвестицияларды шегергенде)	
	Банк конгломераты меншікті капиталының нақты мөлшері	
	Банк конгломераты қатысушыларының тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтерінің , шартты және ықтимал міндеттемелерінің сомалары	
	Банк конгломераты меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенті	

Ескерту:

"Банк конгломераты қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшері (инвестицияларды шегергенде)" деген жол "Банк конгломераты қатысушысының капиталға инвестициялары" деген жол шегерілгенде "Банк конгломераты қатысушысының меншікті капиталының нақты мөлшері" деген жолға тең;

"Банк конгломераты қатысушысының капиталға инвестициялары" деген жол 1.1.1, ..., 1.1.n жолдардың қосындысына тең;

"Банк конгломераты меншікті капиталының нақты мөлшері" деген жол 1.2, ..., n.2 жолдардың қосындысын білдіреді.

3-кесте

Бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғары мөлшерін есептеу

Коэффициенттің атауы	Тәуекелдің мөлшері (мың теңгемен)	Тәуекелдің банк конгломераты меншікті капиталының мөлшеріне қатынасы	Борышкер және банк конгломераты тәуекелінің түрі туралы мәліметтер		
			Борышкердің атауы	Тәуекелдің түрі (қарыз, кепілдік)	Сомасы (мың теңгемен)
Банк конгломератымен ерекше қатынастар арқылы байланысты емес тұлғаға қатысты банк конгломераты тәуекелінің ең жоғары мөлшері					
Банк конгломератымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаға қатысты банк конгломераты тәуекелінің ең жоғары мөлшері					
Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингінен бір тармаққа төмен емес Standard&Poog's агенттігінің рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резиденттерге және Standard&Poog's агенттігінің "А"-дан төмен емес рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент еместерге қойылатын талаптарды қоспағанда, бланктік қарыздар, банк					

конгломератында ағымдағы және содан кейінгі екі ай ішінде қарыз алушыға талаптары туындауы мүмкін болатын үшінші тұлғалардың пайдасына қарыз алушы алдындағы не қарыз алушы үшін қамтамасыз етілмеген шартты міндеттемелер бойынша, сондай-ақ оффшорлық аймақтарда тіркелген немесе олардың азаматтары болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместерінің міндеттемелері бойынша банк конгломераты тәуекелінің ең жоғары мөлшері.					
Әрқайсысының мөлшері банк конгломераты меншікті капиталының он пайызынан асатын банк конгломераты тәуекелдерінің сомасы					

Басшы

(есепке қол қоюға уәкілетті тұлға) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бас бухгалтер

(есепке қол қоюға уәкілетті тұлға) (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Мөр орны

Орындаушы (қолы, телефон нөмірі) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Банк конгломератына арналған
нормативтік
мәндеріне және пруденциалдық
нормативтер
мен өзге де міндетті лимиттерді есептеу
әдістемелеріне, сондай-ақ есептілікті
ұсыну
нысандары мен мерзімдеріне
2-қосымша

Нысан

1-кесте

(банк конгломератының атауы)

**салымдарының кредит тәуекелінің дәрежесі бойынша
банк конгломераты қатысушыларының мөлшерленген активтерінің,
шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесі**

мың теңгемен

--	--	--	--	--	--

№	Салымдардың кредит тәуекелінің дәрежесі бойынша мөлшерленген активтерінің, шартты және ықтимал міндеттемелері баптарының атауы	Тәуекел дәрежесі пайызбен	Баланс бойынша активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелерінің сомасы	Элиминирлеу		Жиынтығы	Салымдардың кредит тәуекелінің дәрежесі бойынша мөлшерленген активтері, шартты және ықтимал міндеттемелері сомасы
				Дебет	Кредит		
	Активтер:						
	I-топ:						
1		0					
2							
...							
	II-топ						
1		20					
2							
...							
	III-топ						
1		50					
2							
...		75					
...							
	IV-топ						
1		100					
2							
...							
	V-топ						
1		100					
2							
...							
...		150					
...							
	Жиынтығы:	X					
	Кредит тәуекелінің дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелер сомасы	X					
	Салымдардың кредит тәуекелінің дәрежесі бойынша мөлшерленген активтері, шартты және ықтимал міндеттемелерінің жиынтық сомасы	X					

Ескерту:

"Баланс бойынша активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелерінің сомасы (мың теңгемен)" атты баған олардың қысқаша атауы көрсетілген банк конгломераты қатысушыларының санына тиісті шағын бағандарға бөлінеді.

Шартты және ықтимал міндеттемелер № 358 Нұсқаулыққа сәйкес салымдардың кредит тәуекелінің дәрежесі бойынша мөлшерленеді.

2-кесте

(банк конгломератының атауы)

нарықтық тәуекелді және операциялық тәуекелді ескере отырып, мөлшерленген активтердің, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелердің кестесі

Тәуекелдің атауы	Банк конгломераты қатысушыларының атауы	Сомасы (мың теңгемен)
Нарықтық тәуекел		
Операциялық тәуекел		

Басшы _____

(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) уәкілетті тұлға)

Бас бухгалтер _____

(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) уәкілетті тұлға)

Мөр орны

Орындаушы _____

— (қолы, телефон Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) нөмірі)

Ескерту:

"Банк конгломераты қатысушыларының атауы" атты баған олардың қысқаша атауы көрсетілген банк конгломераты қатысушыларының санына тиісті шағын бағандарға бөлінеді, олар нарықтық және операциялық тәуекелдерді есептейді, сондай-ақ олардың қысқаша атаулары көрсетіледі.

Банк конгломератына арналған
нормативтік
мәндеріне және пруденциалдық
нормативтер
мен өзге де міндетті лимиттерді есептеу
әдістемелеріне, сондай-ақ есептілікті

_____ (банк конгломератының атауы)

**есепті кезең ішінде жүзеге асырылған,
сондай-ақ 20__ жылғы " ____ " _____ жағдай бойынша қолданыста
болатын банк конгломераты қатысушыларының басқа заңды
тұлғалардың капиталына инвестициялары**

№	Заңды тұлғаның атауы	Сатып алынған акциялардың қатысу сомасы (құны) (мың теңгемен)		Акциялар саны (дана)		Эмитенттің орналастырылған акцияларының жалпы санындағы банк конгломераты қатысушысына тиесілі акциялар санының арақатынасы немесе заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі (пайызбен)	Күні		Есепті күн банк конгломера қатысушысы рейтингі	
		Номиналды (Сатып алынған)	Баланстық (нетто)		жай		артықшылықты	сатып алу		өткізу
			Барлығы	оның ішінде провизиялар						
1 банк конгломераты қатысушысының атауы										
1.										
п.										
п банк конгломераты қатысушысының атауы										
п										
+										
1										
Барлығы								x	x	x

Басшы _____

(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
уәкілетті тұлға)

Бас бухгалтер _____

(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
уәкілетті тұлға)

Мөр орны

Орындаушы _____

(қолы, телефон Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
нөмірі)

Банк конгломератына арналған
нормативтік
мәндеріне және пруденциалдық
нормативтер
мен өзге де міндетті лимиттерді есептеу
әдістемелеріне, сондай-ақ есептілікті
ұсыну
нысандары мен мерзімдеріне
4-қосымша

Нысан

(банк конгломератының атауы)

**20__ жылғы " ____ " _____ жағдай бойынша
банк конгломераты қатысушыларының
бағалы қағаздар портфелінің құрылымы**

№	Банк конгломераты қатысушысының атауы	Бағалы қағаздар		эмитент		Бағалы қағаздардың саны (дана)	Баланстық құн (нетто)		Күні		Есепті құ рейтинг
		түрі	Ұлттық сәйкестендіру нөмірі немесе халықаралық сәйкестендіру нөмірі	Атауы	елі		Барлығы	оның ішінде бағалы қағаздардың басқа да қайта бағалауынан болған провизиялар (теріс түзетудің мөлшері)	Сатып алу	өтеу(өткізу)	
1.											
2.											
п.											
Бағалы қағаздар портфелінің жиынтығы		x	x	x	x	x			x	x	x

Басшы _____
(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
уәкілетті тұлға)

Бас бухгалтер _____
(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
уәкілетті тұлға)

Мөр орны

Орындаушы _____

(қолы, телефон Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
нөмірі)

Ескерту:

банк конгломераты қатысушыларының бағалы қағаздар портфелінің құрылымы жөніндегі мәліметінде Нормативтік мәндерінің 3-қосымшада көрсетілгендерді қоспағанда, барлық инвестициялар көрсетіледі

Банк конгломератына арналған
нормативтік
мәндеріне және пруденциалдық
нормативтер
мен өзге де міндетті лимиттерді есептеу
әдістемелеріне, сондай-ақ есептілікті
ұсыну
нысандары мен мерзімдеріне
5-қосымша

Нысан

_____ (банк конгломератының атауы)

**есепті кезең ішінде жасалған,
сондай-ақ 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша
қолданыстағы банк конгломератының топ ішлік мәмілелері**

р/ с №	Банк конгломераты қатысушысының атауы	Операция жөніндегі қарсы агенттің атауы	Операция түрі	Сомасы (мың теңгемен)	Шарт жасалған күн (талаптарды орындаудың басталған күні)	Шарттың қолданылуы аяқталған күн (талаптарды орындаудың аяқталған күні)
Банк конгломераты қатысушыларына қойылатын талаптар (қаражаттың әкетілуі)						
1	1 қатысушы					
2	2 қатысушы					
n	n қатысушы					
	Талаптардың (қаражаттың әкетілуі) барлығы					
Банк конгломераты қатысушыларының міндеттемелері (қаражаттың келуі)						
1	1 қатысушы					
2	2 қатысушы					
n	n қатысушы					
	Міндеттемелердің (қаражаттың келуі) барлығы					

Басшы _____

(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
уәкілетті тұлға)

Бас бухгалтер _____

(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
уәкілетті тұлға)

Мөр орны

Орындаушы _____

(қолы, телефон Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

нөмірі)

Ескерту:

банк конгломератының топ ішілік мәмілелері жөніндегі мәліметінде
Нормативтік мәндерінің 3 және 4-қосымшаларда көрсетілген мәмілелерді
қоспағанда, барлық мәмілелер көрсетіледі.

Банк конгломератына арналған
нормативтік
мәндеріне және пруденциалдық
нормативтер
мен өзге де міндетті лимиттерді есептеу
әдістемелеріне, сондай-ақ есептілікті
ұсыну
нысандары мен мерзімдеріне
6-қосымша

Нысан

(банк конгломератының атауы)

**банк конгломераты қатысушыларының есепті күндегі жағдай бойынша
қолданыста болатын банк конгломераты меншікті капиталының он
және одан да көп пайызын құрайтын үшінші тұлғалар алдындағы
барлық міндеттемелері туралы мәліметтер**

**Ескерту. 6-қосымшаның тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 24.12.2012 № 383 Қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

№	Қарсы агенттің атауы	Операция түрі	Валюта түрі	Сомасы (мың теңгемен)	Шарт жасалған күн (талаптарды орындаудың басталған күні)	Шарттың қолданылуы аяқталған күн (талаптарды орындаудың аяқталған күні)
(1 банк конгломераты қатысушысының атауы)						
1						
2						

...						
n						
1	қатысушы					
	міндеттемесінің					
	жиынтығы					
(... банк конгломераты қатысушысының атауы)						
1						
2						
...						
n						
...	қатысушы					
	міндеттемесінің					
	жиынтығы					
(n банк конгломераты қатысушысының атауы)						
1						
2						
...						
n						
n	қатысушы					
	міндеттемесінің					
	жиынтығы					

Басшы _____

(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

уәкілетті тұлға)

Бас бухгалтер _____

(есепке қол қоюға (қолы) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

уәкілетті тұлға)

Мөр орны

Орындаушы _____

—
(қолы, телефон Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
нөмірі)